



Бекітемін:

Мектеп директоры м/а:
Тауекелова А.Д.

Мектептегі пән апталығы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектептегі пән апталықтарын әдістемелік бірлестіктер жыл сайын мұғалімдердің кәсіптік құзіретін арттыру мақсатымен әдістемелік жоспар шенберінде, сондай-ақ оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігін дамыту үшін өткізеді.

1.2. Пән апталығының міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіптік шеберліктерін ашық сабактар мен сыныптан тыс шараларды дайындау, ұйымдастыру және өткізу арқылы жетілдіру;
- оқушыларды дербес шығармашылық қызметке тарту, олардың зерделенетін пәндерге деген қызығушылықтарын арттыру;
- белгілі бір оку пәнінен шығармашылық қабілеттерге ие оқушыларды айқындау.

2. Пән апталығын ұйымдастыру және өткізу тәртібі

2.1. Пән апталығы мектептің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

2.2. Пән апталығын дайындау және өткізу жоспарын оны өткізу басталардан бұрын бір аптадан кешіктірмей мектеп директоры бекітеді.

2.3. Пән апталығын ұйымдастыруши әдістемелік бірлестік мұғалімдері болып табылады.

2.4. Өткізу үш бөліктен тұрады:

- Сыныптан тыс іс-шаралар
- Ашық сынып сағаттары
- Әдістемелік тұрғыдан тәжірибе алмасу жұмыстары

2.4. Пән апталығына қатысушылар:

- ол бойынша пән апталығы өткізілетін пәнді немесе мектептегі пәндер тобын оқытатын барлық мұғалімдер;
- ол бойынша пән апталығы өткізілетін пәнді немесе білім беру саласын зерделеуші мектеп оқушылары болып табылады.

2.5. Пән апталығы шенберінде:

- пәндік олимпиадалар;
- пән бойынша дәстүрлі емес сабактар;
- қатарлас оку сыныптарында сыныптан тыс шаралар;
- мектепішілік шаралар өткізуі мүмкін.

2.6. Пән апталығын өткізуге мектептегі АКТ қолдану.

2.7. Пән апталығының қорытындылары бойынша оқушылардың қалалық пәндік олимпиадаға, зияткерлік сайыстарға қатысушилар анықталуы мүмкін.

2.8. Пән апталығының қорытындылары бойынша белсенді қатысуышылар ескеркіш сыйлықтармен, жүлделі орындармен және мақтау қағаздарымен марапатталады.

2.9. Пән апталығы аяқталғаннан кейін әдістемелік бірлестік отырысында пән апталығы барысында ұйымдастырылған шараларға талдау жасалады.

3. Пән апталығының қорытындылары бойынша директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасарына мәтіндік есебі тапсырылады.

№	Апталықтың атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1.	Информатика, химия, биология апталығы	10.10.-21.10.	информатика, химия, биология мұғалімі
2.	Бастауыш сыныптар апталығы	07.11-18.11	бастауыш сынып мұғалімдері
3.	Жаратылыстану, география, тарих апталығы	28.11-09.12	жаратылыстану, география, тарих мұғалімдері
4.	Денешынықтыру, АӘТД апталығы	19.12-30.12	дene шынықтыру, АӘТД мұғалімдері
5.	Қазақ тілі апталығы	16.01-27.01	қазақ тілі мұғалімдері
6.	Математика, физика апталығы	06.02-18.02	математика, физика мұғалімдері
7.	Орыс тілі мен ағылшын тілі апталығы	20.02-04.03	орыс тілі мен ағылшын тілі мұғалімдері
8.	Көркемдік -эстетикалық пәндер апталығы (музыка, көркем еңбек)	03.04-15.04	көркемдік- эстетикалық пән мұғалімдері